

Атмосфераға күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттардың (КУЗ) шығарындыларымен авариялардың туындауы

Басшының іс-әрекеті:

- 1) бұл туралы 112 нөмірі бойынша бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке дереу хабарлау;
- 2) объектінің қызметкерлері мен білім алушылары арасында құтқару, эвакуациялау және жұқтыруға жол бермеу жөнінде қолдан келгенше шаралар қабылдау;
- 3) қажет болған жағдайда жертөледе терең үй-жайда паналау;
- 4) өртке қарсы қорғаныс автоматты жүйелерінің (өрт кезінде адамдарға хабарлау) қосылуын тексеру;
- 5) инфекцияның таралуына жол бермеу үшін желдету жүйелерінің жұмысын тоқтата тұру;
- 6) инфекцияның дамуын болдырмауға ықпал ететін басқа да іс-шараларды орындау;
- 7) мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- 8) объект ғимаратына кіруді шектеу;
- 9) ғимараттан қауіпсіз қашықтықта жинау орнын анықтау;
- 10) қызметкерлерді, оқытушылар мен білім алушыларды шақыруды ұйымдастыру.

Персоналдың (қызметкерлер, ПОҚ) іс-әрекеттері:

- 1) сабақтарды тоқтату, электр аспаптары мен жабдықтарын тоқтан ажырату, шамдарды өшіру және терезелерді жабу;
- 2) білім алушыларға кабинетте бар қорғаныс құралдарын (мақта-дәке таңғыштарын) беру;
- 3) бекітілген эвакуациялау жоспарына сәйкес шыдамдылық пен тыныштықты сақтай отырып, дүрбелеңге жол бермей, білім алушыларды бірінші қабатқа және одан әрі ғимараттан негізгі немесе қосалқы есік арқылы сыртқа шығару;
- 4) мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- 5) ғимараттан эвакуациялау кезінде жылдам қозғалу, бірақ жүгірмеу немесе шаң көтермеу;
- 6) қабырғаларға сүйенбеу және айналадағы заттарға қол тигізбеу;
- 7) жол бойында кездесетін сұйықтық тамшыларына немесе белгісіз заттардың ұнтақ тәрізді ұсақтарын баспау;
- 8) жеке қорғану құралдарын шешпеу;
- 9) тамақ ішпеу, су ішпеу;
- 10) ғимараттан қауіпсіз қашықтықта орналасқан жинау орнына бару;
- 11) білім алушыларға қоңырау шалу және басшыға баяндау.

Білім алушылардың іс-әрекеттері:

- 1) КУЗ шығарылуы туралы хабарлама сигналын естіген соң, оқытушының нұсқауларын орындау;
- 2) мақта-дәке таңғышын тағу;

- 3) эвакуация кезінде дүрбеленге түспеу және кептеліс тудырмау;
- 4) мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- 5) ғимараттан эвакуациялау кезінде жылдам қозғалу, бірақ жүгірмеу немесе шаң көтермеу;
- 6) қабырғаларға сүйенбеу және айналадағы заттарға қол тигізбеу;
- 7) жолда кездесетін сұйықтық тамшыларына немесе белгісіз заттардың ұнтақ тәрізді ұсақтарын баспау;
- 8) жеке қорғану құралдарын шешпеу;
- 9) тамақ ішпеу, су ішпеу;
- 10) ғимараттан қауіпсіз қашықтықта орналасқан жинау орнына бару;
- 11) жиналу орнында жанындағы топтағы тұлға болмаған жағдайда, оқытушыға немесе қызметкерге немесе басшыға дереу хабарлау.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін адамдардың іс-әрекеттері:

- 1) объектінің мекенжайы мен нөмірін және болған оқиға туралы ақпаратты бере отырып, басшылыққа, сондай-ақ «112» нөмірі бойынша бірыңғай диспетчерлік қызметке дереу хабарлау;
- 2) объектіні хабарландыру жүйелерін іске қосу және КУЗ шығарылуы туралы хабардар ету;
- 3) объектінің әрбір бөлігінде адамдардың болуын тексере отырып, адамдарды объектіден уақтылы эвакуациялауды бастау;
- 4) мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;
- 5) құтқарушылардың кездесуін ұйымдастыру, оларға объектіге кіреберіс орындарын, өрт гидранттарының люктерін орналастыруды, эвакуациялау жоспарын және жоспардағы шығару орнын көрсету;
- 6) құтқарушылар келгеннен кейін аумақты ішкі істер органдарының қызметкерлері келгенге дейін қоршауға алу және зарарсыздандыру жөніндегі іс-шараларға қатысы жоқ адамдарға оған кіруге тыйым салу.